м. Бердашин

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ЫРҒЫЗ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ИРГИЗСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

16 қыркүйек 2025ж № 174

Сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін қалыптастыру және бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 14-1, 17, 48 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2025 жылы сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі қосымшаға сәйкес қалыптастырылсын және бекітілсін.
2. «Ырғыз аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сауда-саттыққа шығару үшін тізбеге енгізілген жер учаскелеріне қатысты жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырсын және осы қаулыдан туындайтын өзге де тиісті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

Аудан әкімі **Н. Қызбергенов**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының әкімі

000174*

Аудан әкімдігінің 2025 жылғы
«16» ақпандағы № 174
қаулысына қосымша

2025 жылы сауда-саттыққа шығарылатын
жер учаскелерінің тізбесі

р/с	учаске нөмірі	көлемі, га	орналасқан жері	нысаналы мақсаты
1	№1	2,0 га	«Самара-Шымкент» халықаралық тас жолы бойынан	Кәсіпкерлік мақсатта қызмет көрсету үшін